**"KEGOC" ашық акционерлік қоғамының электрмен жабдықтау объектілерін мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 248 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес "KEGOC" ашық акционерлік қоғамының электрмен жабдықтау объектілерін (бұдан әрі - объектілер) мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 1-қосымшаға сәйкес объектілерді республикалық меншікке қабылдау жөнінде қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын;

2) осы қаулының 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгеріміне берсін.

3. 2-қосымшаға сәйкес объектілерді Ақмола облысының коммуналдық меншігіне беру туралы Ақмола облысы әкімінің ұсынысы қабылдансын.

4. Ақмола облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 3-тармағында көрсетілген объектілерді қабылдау жөнінде қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 248 қаулысына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 298 қаулысымен.

**Республикалық меншікке берілетін электрмен жабдықтау объектілері**

| N | Тауарлардың атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Құны (теңге) |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 0,4 кВ кабель желісі | метр | 1480 | 5207993 |
| 2. | ЩО-70 панелі | дана | 2 | 1913523 |
| 3. | Автоматтандырылған сөндіргіш | дана | 3 ВА43-53 | 1067510 |
| | Жиыны | | | 8189026 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 1 наурыздағы
N 248 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 298 қаулысымен.

## Ақмола облысының коммуналдық меншігіне берілетін электрмен жабдықтау объектілері

| N | Тауарлардың атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Құны (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 10 кВ кабель желісі | метр | 3900 | 24826602 |
| 2. | КРУН-10 кВ ұяшығы | дана | 1 | 2138128 |
| 3. | қуаты 2х630 кВ 10/0,4 трансформаторлық шағын станция | жиынтық | 1 | 3371506 |
| | Жиыны: | | | 30336236 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК